



ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

2022 жылғы 24 маусым

Өскемен қаласы

№ 1216

город Усть-Каменогорск

Жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімі бар кадрларды даярлауға 2022-2023 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылатын жоғары оқу орындарының тізбесін бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 27-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 122 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде нөмірі 13418 болып тіркелген) бекітілген Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдеріне, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларының 70-тармағына, жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға 2022-2023 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша конкурстық комиссия отырысының 2022 жылғы 20 маусымдағы № 2 хаттамалық шешіміне сәйкес Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімі бар кадрларды даярлауға 2022-2023 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылатын жоғары оқу орындарының тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары А.М. Мухамедчиновке жүктелсін.

Шығыс Қазақстан облысының
әкімі



Д. Ахметов

020717

Ахметов

Ахметов

Шығыс Қазақстан облысы
 әкімдігінің
 2022 жылғы «24» маусымдағы
 № 746
 қаулысына қосымша

2022-2023 оқу жылына арналған жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылатын жоғары оқу орындарының тізбесі

Білім беру саласының жіктелуі	Білім беру бағдарламалары топтарының атауы	Мемлекеттік тапсырыс көлемі	ЖОО атауы	Орын саны
Педагогикалық ғылымдар	Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау	40	Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті	30
			Қазақстан-Американдық еркін университеті	10
Бизнес, басқару және құқық	Менеджмент және басқару	20	Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті	10
			Даулет Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті	10
Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру (медицина)	Жалпы медицина	20	Семей медицина университеті	20
		80		80


